

Астық тасымалдауға байланысты шығындардың құнын арзандатуға субсидиялар төлеу қағидаларын және Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның астық тасымалдауға байланысты шығыстарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 3 наурыздағы № 67 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 3 наурызда № 35770 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 94-бабының 2-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 31.03.2026 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Астық тасымалдауға байланысты шығындардың құнын арзандатуға субсидиялар төлеу қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның астықты тасымалдауға байланысты шығыстарын субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Егіншілік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі және 2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін қолданыста болады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 29.08.2025 № 269 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.09.2026 дейін қолданыста болады) бұйрығымен.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Көлік министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің

2025 жылғы 3 наурыздағы
№ 67 бұйрығына
1-қосымша

Астық тасымалдауға байланысты шығындардың құнын арзандатуға субсидиялар төлеу қағидалары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 29.08.2025 № 269 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.09.2026 дейін қолданыста болады) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Астық тасымалдауға байланысты шығындардың құнын арзандатуға субсидиялар төлеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 94-бабының 2-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы

" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және астық тасымалдауға байланысты шығындардың құнын арзандатуға субсидиялар (бұдан әрі – бюджеттік субсидиялар) төлеу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 31.03.2026 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бюджеттік субсидиялар төлеуді жүзеге асыратын бюджеттік бағдарламаның әкімшісі (бұдан әрі – Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі) – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі;

2) вагондар (контейнерлер) операторы – меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде вагондарды (контейнерлерді) иеленетін, вагондар (контейнерлер) операторының қызметтерін көрсету жолымен тасымалдау процесіне тасымалдаушымен жасалған шарт негізінде қатысатын және тасымалдау құжаттарында көрсетілген тұлға;

3) оператор – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, жалғыз акционері мемлекет болып табылатын және астық нарығында тұрақтандыру функциясын жүзеге асыру арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын акционерлік қоғам;

4) өнім беруші – астықты Қазақстан Республикасының аумағынан астықты тасымалдауды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

3. Бюджеттік субсидиялар жеткізушілерге астықты (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 80 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының коды - 1001) осы Қағидалардың 4-тармағында көзделген бағыттар мен мөлшерлерде тасымалдағаны үшін беріледі және біржолғы сипатта болады.

4. Бюджеттік субсидияларды төлеу осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген құжаттар негізінде, мынадай бағыттар және мөлшерлерде жүзеге асырады:

бір тонна үшін 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде транзитпен Ресей Федерациясының аумағы арқылы Азов, Қара және Балтық теңіздері порттарының бағыты;

бір тонна үшін 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде транзитпен Ресей Федерациясының, Латвия Республикасының, Литва Республикасының және Эстония Республикасының аумағы арқылы Балтық теңізі порттары бағыты;

бір тонна үшін 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде транзитпен Ресей Федерациясының аумағы арқылы Латвия Республикасына, Литва Республикасына және Эстония Республикасына жеткізуге;

бір тонна үшін 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде транзитпен Әзірбайжан Республикасының және Грузияның аумағы арқылы Қара теңіз порттары бағыты;

бір тонна үшін 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде транзитпен Түркіменстан аумағы арқылы Ауғанстан Ислам Әмірлігіне жеткізуге;

бір тонна үшін 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде транзитпен Түрікменстан арқылы Иран Ислам Республикасына жеткізуге;

бір тонна үшін 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде транзитпен Қытай Халық Республикасының аумағы арқылы Оңтүстік-Шығыс Азия елдері бағыты;

бір тонна үшін 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде транзитпен Ресей Федерациясының аумағы арқылы Әзірбайжан Республикасына, Грузияға және Армения Республикасына жеткізуге.

2-тарау. Астық тасымалдауға байланысты шығындардың құнын арзандатуға субсидиялар төлеу тәртібі

5. Өнім беруші осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген бағыттарға сәйкес тиеу станциясынан межелі станцияға дейін астықты тасымалдауды жүзеге асырады.

Өнім беруші вагондардың (контейнерлердің) операторын немесе көлік экспедиторларын немесе көлік-экспедиторлық қызметтерді көрсететін тұлғаларды дербес айқындайды.

6. Жеткізуші операторға мыналарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астық тасымалдауға байланысты бюджеттік субсидияларды төлеуге арналған өтінім (өтінімдер оператордың mail@fcc.kz электрондық мекенжайына қабылданады және келіп түскен күні мен уақыты бойынша тіркеледі);

2) екінші деңгейдегі банк берген келісімшарттың есепке алу нөмірі бар экспорттық келісімшарттың көшірмесі;

3) тауарларға арналған декларациялардың көшірмелері;

4) өнім берушінің қолымен және мөрімен расталған жөнелту станциясының күнтізбелік мөртаңбасы (бар болған жағдайда) теміржол жүкқұжаттарының көшірмелері;

5) астық сапасын сараптау жөніндегі аккредиттелген зертхана берген астық сапасы паспортының көшірмесі.

6) өнім беруші мен вагондардың (контейнерлердің) операторы немесе көлік экспедиторы немесе көлік-экспедиторлық қызметтерді көрсететін тұлға арасында жасалған қызметтер көрсету туралы шарттың көшірмесі.

Көрсетілген құжаттарды өнім беруші оператордың мекенжайына астық межелі станцияға немесе портқа келген күннен бастап қырық бес жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

7. Жеткізуші ұсынған құжаттарды қарау үшін оператор оператордың қызметкерлері , сондай-ақ қоғамдық және үкіметтік емес салалық ұйымдардың өкілдері қатарынан

комиссия құрады. Оператор басшысының бұйрығымен айқындалатын оператордың лауазымды адамы комиссия төрағасы болып табылады.

8. Комиссия мүшелері өтінім мен жеткізушінің құжаттары тіркелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде:

1) құжаттарды толықтығына және осы Қағидаларға сәйкестігіне қарайды және тексереді;

2) тауарға декларацияны ресімдеуді жеткізушілер бөлінісінде растау үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне (бұдан әрі – ҚР ҚМ МКК) сұрау жолдайды.

ҚР ҚМ МКК сұратылған ақпаратты сұрау келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей береді;

3) құжаттар осы Қағидаларға сәйкес болған жағдайда олардың қабылданғанын растау туралы шешім қабылдайды. Құжаттардың осы Қағидаларға сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, оператор оларды жеткізушіге электрондық пошта арқылы пысықтауға қайтарады.

Құжаттарды осы Қағидаларға сәйкестендіру мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

9. Комиссия мүшелері құжаттардың қабылданғаны расталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астықты темір жол көлігімен тасымалдау жөніндегі тізілімді (бұдан әрі – астықты тасымалдау жөніндегі тізілім) және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астықты тасымалдауға байланысты шығындардың құнын өтеуге бюджеттік субсидиялар төлеу үшін жиынтық ведомості (бұдан әрі – жиынтық ведомость) қалыптастырады және оларды Бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне жібереді.

Бұл ретте өтінімдерді қарау және бюджеттік субсидияларды төлеу өтінімдерді тіркеу күні мен уақытына сәйкес кезектілік тәртібімен жүзеге асырылады. Кейінгі өтінім алдыңғы өтінім қаралғаннан кейін қаралады.

10. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі астық тасымалдау жөніндегі тізілімді және жиынтық ведомості алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде "Қазынашылық-клиент" ақпараттық жүйесі бойынша төлем шотын оператордың қолма-қол ақшаны бақылау шотына жібереді.

11. Оператор Бюджеттік бағдарлама әкімшісінен бюджеттік субсидияларды алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей астықты темір жол көлігімен тасымалдау бойынша көрсетілген қызметтердің тізіліміне сәйкес оператордың қолма-қол ақшаны бақылау шотынан өнім берушілерге қаражат аударады.

Оператор бюджеттік субсидияларды алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне комиссия төрағасы мен өнім берушінің қолдары қойылған осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астықты тасымалдауға байланысты бюджеттік субсидиялардың төленгенін растау актісін, сондай-ақ осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оператордың қолма-қол ақшаны

бақылау шотындағы қаражаттың қалдықтары мен пайдаланылуы туралы есепті ұсынады.

12. Өнім беруші операторға бюджеттік субсидиялар алу үшін ұсынылатын құжаттардың (мәліметтердің) толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етеді.

13. Оператор бюджеттік субсидиялардың төленген сомалары туралы ақпаратты күн сайын жұмыс күндері www.fcc.kz ресми интернет-ресурсында орналастырады.

Астық тасымалдауға
байланысты шығындардың
құны арзандатуға субсидиялар
төлеу қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Астық тасымалдауға байланысты бюджеттік субсидияларды төлеуге арналған өтінім

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 31.03.2026 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

_____ (оператордың атауы)

_____ (өнім берушінің толық атауы)

Көлемі _____ тонна мөлшеріндегі астықты (астық сыныбын көрсетіңіз) тасымалдауға байланысты _____ теңге мөлшерінде (сомасы сандармен және жазумен) бюджеттік субсидиялар төлеуді сұраймын.

1. Өтініш беруші туралы мәліметтер.

Заңды тұлға үшін:

атауы _____

бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) _____

ЭҚЖЖ бойынша сыныбы (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша коды) _____

басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі _____

мекенжайы: _____

телефон нөмірі (факс): _____

Жеке тұлға (дара кәсіпкер) үшін:

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі _____

жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) _____

ЭҚЖЖ бойынша сыныбы (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша коды) _____

жеке басын куәландыратын құжат:

нөмірі _____

кім берді _____

берілген күні _____

мекенжайы: _____

телефон нөмірі (факс): _____

Дара кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарлама:

орналасқан жері _____

хабарлама күні _____

2. Екінші деңгейдегі банктегі немесе ұлттық почта операторындағы ағымдағы шоттың

мәліметтері:

ЖСН/БСН _____

бенефициар коды (бұдан әрі – Бек) _____

банктің немесе почта операторының деректемелері: _____

банктің немесе почта операторының атауы: _____

банктік сәйкестендіру коды _____

жеке сәйкестендіру коды _____

БСН _____

Бек _____

3. Келісімшарт бойынша мәліметтер:

сатып алушының деректері _____

келісімшарт нөмірі _____

келісімшарт жасалған күн _____

астық көлемі (сыныбы), тонна _____

межелі пункті _____

жеткізу шарттары _____

тиеп-жөнелту кезеңі _____

(айлар бойынша)

4. Астық тасымалдау туралы мәліметтер:

Р/с №	Жөнелту нөмірі	Вагонның нөмірі	Жөнелту станциясы	Кіру станциясы	Шығу станциясы	Межелі (шекаралық өткел) станция (порт)	Жөнелту күні (тасымалдау құжаттарын дағы станция штемпелі)
1	2	3	4	5	6	7	8
1.							
2.							

5. Тиесілі субсидияларды есептеу:

Р/с №	Нарық бағыты (импорт елі)	(Астық тасымалдау көлемі, тонна	1 тоннаға арналған субсидия мөлшері, теңге	Тиесілі субсидия сомасы, теңге

Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуіші бойынша код _____

Астықты темір жол көлігімен тасымалдау жөніндегі тізілім

Р/с №	Өнім берушінің атауы	Нарық бағыты (импорт елі)	Тиіп-жөнелту кезеңі (ай)	Астық тасымалдау көлемі, тонна	1 тоннаға арналған субсидия мөлшері, теңге	Тиесілі субсидия сомасы, теңге
1	2	3	4	5	6	7
1.						
2.						
3.						
4.						
5.						
6.						
7.						
	Жиыны:					

Комиссия мүшелері _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, лауазымы, қолы)

Комиссия мүшелері: _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, лауазымы, қолы)

Комиссия мүшелері _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, лауазымы, қолы)

Комиссия төрағасы _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, лауазымы, қолы)

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық почта мекенжайы _____

Орындаушы _____

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы/ электрондық цифрлық қолтаңбасы

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам _____

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы/ электрондық цифрлық қолтаңбасы

Ескертпе: әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Астықты темір жол көлігімен тасымалдау жөніндегі тізілім" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған
"Астықты темір жол көлігімен
тасымалдау жөніндегі тізілім"
нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Астықты темір жол көлігімен тасымалдау жөніндегі тізілім" нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі: 1-ТТ нысан, кезеңділігі: біржолғы)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Астықты темір жол көлігімен тасымалдау жөніндегі тізілім" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанға орындаушы және басшы не оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

3. Нысан ұсынылады: Бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне

4. "Астықты темір жол көлігімен тасымалдау жөніндегі тізілім" қалыптастыру қорытындысы бойынша бюджеттік субсидиялардың әкімшісіне жіберіледі.

5. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. Нысанның 2-бағанында өнім берушінің атауы көрсетіледі.

7. Нысанның 3-бағанында Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2016 жылғы 18 қарашадағы № 290-од бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдер кодтары" ҚР ҰЖ ISO 3166-1-2016 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес нарық бағыты (импорт елі) көрсетіледі.

8. Нысанның 4-бағанында тиеп-жөнелту кезеңі (ай) көрсетіледі.

9. Нысанның 5-бағанында астық тасымалдау көлемі, тонна көрсетіледі.

10. Нысанның 6-бағанында 1 тоннаға арналған субсидия мөлшері, теңге көрсетіледі.

11. Нысанның 7-бағанында тиесілі субсидия сомасы, теңге көрсетіледі.

Астық тасымалдауға
байланысты шығындардың
құнын арзандатуға субсидиялар
төлеу қағидаларына 3-қосымша
Әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған нысан

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 31.03.2026 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұсынылады: Бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.fcc.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Астықты тасымалдауға байланысты шығындардың құнын өтеуге бюджеттік субсидиялар төлеу үшін жиынтық ведомость 20__ жылғы " __ " _____-дан " __ " _____ дейінгі кезең үшін

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: № 2-ЖВ нысаны

Кезеңділігі: біржолғы

Есепті кезең: 20__ жылғы _____

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: оператор – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылған, жалғыз акционері мемлекет болып табылатын және астық нарығында тұрақтандыру функциясын жүзеге асыру арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын акционерлік қоғам

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: құжаттардың қабылданғаны расталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей

Жеке сәйкестендіру нөмірі/ Бизнес сәйкестендіру нөмірі																				
---	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі: электрондық түрде

1. Ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыратын аумақты көрсетіңіз

Облыс _____

Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуіші бойынша код _____

Астықты тасымалдауға байланысты шығындардың құнын өтеуге бюджеттік субсидиялар төлеуге арналған жиынтық ведомость 20__ жылғы " __ " _____-дан 20__ жылғы " __ " _____дейінгі кезең үшін

Р/с №	Өнім берушінің атауы	Нарық бағыты (импорт елі)	(Тиіп-жөнелту кезеңі (ай))	Астық тасымалдау көлемі, тонна	1 тоннаға арналған субсидия мөлшері, теңге	Тиесілі субсидия сомасы, теңге
1	2	3	4	5	6	7
1.						
2.						
3.						
	Жиыны:					

Оператордың атауы _____

қолы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық почта мекенжайы _____

Орындаушы _____

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы/ электрондық цифрлық қолтаңбасы

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам _____

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы/ электрондық цифрлық қолтаңбасы

Ескертпе: әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Астық тасымалдауға байланысты шығындардың құнын өтеуге бюджеттік субсидияларды төлеуге арналған жиынтық ведомость 20 __ жылғы " __ " _____-дан 20 __ жылғы " __ " _____ дейінгі кезең үшін" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған
"Астықты тасымалдауға
байланысты шығындардың
құнын өтеуге бюджеттік
субсидиялар төлеуге арналған
жиынтық ведомость
20 __ жылғы " __ " _____-дан
20 __ жылғы " __ " _____ дейінгі
кезең үшін" нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Астықты тасымалдауға байланысты шығындардың құнын өтеуге бюджеттік субсидиялар төлеуге арналған жиынтық ведомость 20 __ жылғы " __ " _____-дан 20 __ жылғы " __ " _____ дейінгі кезең үшін" нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі: 2-ЖВ нысан, кезеңділігі: біржолғы)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Астықты тасымалдауға байланысты шығындардың құнын өтеуге бюджеттік субсидиялар төлеу үшін жиынтық ведомость 20 __ жылғы " __ " _____-дан 20 __ жылғы " __ " _____ дейінгі кезең үшін" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанға орындаушы және басшы не оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

3. Нысан ұсынылады: Бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне

4. Астықты тасымалдауға байланысты шығындардың құнын өтеуге бюджеттік субсидиялар төлеуге арналған жиынтық ведомость 20 __ жылғы " __ " _____-дан 20 __ жылғы " __ " _____ дейінгі кезең үшін қалыптастыру қорытындысы бойынша бюджеттік субсидиялардың әкімшісіне жіберіледі.

5. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

1. Ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыратын аумақты көрсетіңіз

Облыс _____

Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуіші бойынша код _____

Астықты тасымалдауға байланысты бюджеттік субсидиялардың төленгенін растау актісі 20

_____ жылғы " _____ " _____ №

P/c №	Нарық бағыты (импорт елі)	Жіберу нөмірі	Вагонның нөмірі	Жөнелту станциясы	Кіру станциясы
1	2	3	4	5	6
1.					
2.					
3.					
	Жиыны:				

кестенің жалғасы

Ш ы ғ у станциясы	Межелі шекаралық өткел) станция (порт)	Жөнелту күні (тасымалдау құжаттарындағы станция штемпелі)	Тасымалдау көлемі, тонна	1 тоннаға арналған субсидия мөлшері, теңге	Есептелген субсидия, теңге
7	8	9	10	11	12

Өнім берушінің атауы _____

басшының қолы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі

Оператордың атауы _____

комиссия төрағасының қолы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық почта мекенжайы _____

Орындаушы _____

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы/ электрондық цифрлық қолтаңбасы

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам _____

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы/ электрондық цифрлық қолтаңбасы

Ескертпе: әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Астықты тасымалдауға байланысты бюджеттік субсидиялардың төленгенін растау актісі 20 _____ жылғы " _____ " _____ №" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған
"Астықты тасымалдауға
байланысты бюджеттік

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Астықты тасымалдауға байланысты бюджеттік субсидиялардың төленгенін растау актісі 20 ____ жылғы " ____ " ____ №" нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі: 3-ТРА нысан, кезеңділігі: біржолғы)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Астықты тасымалдауға байланысты бюджеттік субсидиялардың төленгенін растау актісі 20 ____ жылғы " ____ " ____ №" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанға орындаушы және басшы не оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

3. Нысан ұсынылады: Бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне

4. Астықты тасымалдауға байланысты бюджеттік субсидиялардың төленгенін растау актісі 20 ____ жылғы " ____ " ____ № қалыптастыру қорытындысы бойынша бюджеттік субсидиялардың әкімшісіне жіберіледі.

5. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. Нысанның 2-бағанында Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2016 жылғы 18 қарашадағы № 290-од бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдер кодтары" ҚР ҰЖ ISO 3166-1-2016 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес нарық бағыты (импорт елі) көрсетіледі.

7. Нысанның 3-бағанында жіберу нөмірі көрсетіледі

8. Нысанның 4-бағанында вагонның нөмірі көрсетіледі.

9. Нысанның 5-бағанында жөнелту станциясы көрсетіледі.

10. Нысанның 6-бағанында кіру станциясы көрсетіледі.

11. Нысанның 7-бағанында шығу станциясы көрсетіледі.

12. Нысанның 8-бағанында межелі (шекаралық өткел) станция (порт) көрсетіледі.

13. Нысанның 9-бағанында жөнелту күні (тасымалдау құжаттарындағы станция штемпелі) көрсетіледі.

14. Нысанның 10-бағанында тасымалдау көлемі, тонна көрсетіледі.

15. Нысанның 11-бағанында 1 тоннаға арналған субсидия мөлшері, теңге көрсетіледі.

16. Нысанның 12-бағанында есептелген субсидия, теңге көрсетіледі.

Астық тасымалдауға
байланысты шығындардың
құны арзандатуға субсидиялар
төлеу қағидаларына 5-қосымша
Әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған нысан

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 31.03.2026 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұсынылады: Бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.fcc.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Оператордың қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы қаражаттың қалдықтары және пайдаланылуы туралы 20 __ жылғы " __ " _____ № __ есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: № 4-Е нысаны

Кезеңділігі: біржолғы

Есепті кезең: 20 __ жыл _____

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: оператор – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылған, жалғыз акционері мемлекет болып табылатын және астық нарығында тұрақтандыру функциясын жүзеге асыру арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын акционерлік қоғам

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: бюджеттік субсидиялар төленген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде

Жеке сәйкестендіру нөмірі/ Бизнес сәйкестендіру нөмірі																				
---	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі: электрондық түрде

1. Ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыратын аумақты көрсетіңіз

Облыс _____

Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуіші бойынша код _____

Оператордың қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы қаражаттың қалдықтары мен пайдаланылуы туралы есеп 20 __ жылғы " __ " _____ №

Р/с №	Нарық бағыты (импорт елі)	Келіп түскен қаражат, теңге	Пайдаланылған қаражат, теңге	Қаражат қалдығы, теңге	Қаражатты жоспарлы пайдалану, теңге
1	2	3	4	5	6
1.					
2.					

3.					
	Жиыны:				

Өнім берушінің атауы _____

басшының қолы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі

Оператордың атауы _____

комиссия төрағасының қолы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық почта мекенжайы _____

Орындаушы _____

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы/ электрондық цифрлық қолтаңбасы

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам _____

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы/ электрондық цифрлық қолтаңбасы

Ескертпе: әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Оператордың қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы қаражаттың қалдықтары мен пайдаланылуы туралы есеп 20 ___ жылғы "___" _____ № " нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған
"Оператордың қолма-қол
ақшаны бақылау шотындағы
қаражаттың қалдықтары мен
пайдаланылуы туралы есеп
20 ___ жылғы "___" _____ №
" нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Оператордың қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы қаражаттың қалдықтары мен пайдаланылуы туралы есеп 20 ___ жылғы "___" _____ № " нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі: 4-Е нысан, кезеңділігі: біржолғы)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Оператордың қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы қаражаттың қалдықтары мен пайдаланылуы туралы есеп 20 ___ жылғы "___" _____ № " нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанға орындаушы және басшы не оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

3. Нысан ұсынылады: Бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне

4. Оператордың қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы қаражаттың қалдықтары мен пайдаланылуы туралы есеп қалыптастыру қорытындысы бойынша бюджеттік субсидиялардың әкімшісіне жіберіледі.

5. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. Нысанның 2-бағанында Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2016 жылғы 18 қарашадағы № 290-од бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдер кодтары" ҚР ҰЖ ISO 3166-1-2016 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес нарық бағыты (импорт елі) көрсетіледі.

7. Нысанның 3-бағанында келіп түскен қаражат теңгемен көрсетіледі.

8. Нысанның 4-бағанында пайдаланылған қаражат теңгемен көрсетіледі.

9. Нысанның 5-бағанында қаражат қалдығы теңгемен көрсетіледі.

10. Нысанның 6-бағанында қаражатты жоспарланған пайдалану теңгемен көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрінің

2025 жылғы 3 наурыздағы

№ 67 бұйрығына

2-қосымша

Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның астық тасымалдауға байланысты шығыстарын субсидиялау қағидалары

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 29.08.2025 № 269 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.09.2026 дейін қолданыста болады) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның астық тасымалдауға байланысты шығыстарын субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 94-бабының 2-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және астық тасымалдауға байланысты агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның шығыстарын субсидиялау (бұдан әрі – бюджеттік субсидиялар) тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 31.03.2026 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компания – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, жалғыз акционері мемлекет болып табылатын және астық нарығында тұрақтандыру функциясын жүзеге асыру арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын акционерлік қоғам;

2) бюджеттік субсидиялар төлеуді жүзеге асыратын бюджеттік бағдарламаның әкімшісі (бұдан әрі – Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі) – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі.

3. Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияға астықты (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 80 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының коды - 1001) тасымалдауға байланысты шығындар 1 тонна үшін 20 000 (жиырма мың) және 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде өтеледі.

Астық тасымалдауға байланысты шығыстарды өтеу мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

бір тонна үшін 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде транзитпен Ресей Федерациясының аумағы арқылы Азов, Қара және Балтық теңіздерінің порттарының бағыты;

бір тонна үшін 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде транзитпен Ресей Федерациясының, Латвия Республикасының, Литва Республикасының және Эстония Республикасының аумағы арқылы Балтық теңізі порттары бағыты;

бір тонна үшін 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде транзитпен Ресей Федерациясының аумағы арқылы Латвия Республикасына, Литва Республикасына және Эстония Республикасына;

бір тонна үшін 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде транзитпен Әзірбайжан Республикасының және Грузияның аумағы арқылы Қара теңіз порттары бағыты;

бір тонна үшін 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде транзитпен Түрікменстан арқылы Ауғанстан Ислам Әмірлігіне;

бір тонна үшін 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде транзитпен Түрікменстан арқылы Иран Ислам Республикасына;

бір тонна үшін 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде транзитпен Қытай Халық Республикасы арқылы Оңтүстік-Шығыс Азия елдері бағытында;

бір тонна үшін 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде транзитпен Ресей Федерациясының аумағы арқылы Әзірбайжан Республикасына, Грузияға және Армения Республикасына;

бір тонна үшін 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде Тәжікстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы елдерінің бағыты.

2-тарау. Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның астық тасымалдауға байланысты шығыстарын субсидиялау тәртібі

4. Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның астықты тасымалдауға байланысты шығыстарын субсидиялау жөніндегі іс-шараларды іске асыру мақсатында Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі мен агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компания арасында агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның астықты тасымалдауға байланысты шығыстарын субсидиялау туралы шарт жасалады.

5. Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компания Бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне мынадай құжаттарды жібереді:

1) екінші деңгейдегі банктер берген келісімшарттардың есептік нөмірлері бар экспорттық келісімшарттардың көшірмелері;

2) тауарларға арналған декларациялардың көшірмелері;

3) қол қойылған және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның мөрімен расталған жөнелту станциясының күнтізбелік мөртабаны бар теміржол жүкқұжаттарының көшірмелері;

4) астық сапасын сараптау жөніндегі аккредиттелген зертхана берген астық сапасы паспортының көшірмесі;

5) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компания мен вагондардың (контейнерлердің) операторы немесе көлік экспедиторы немесе көлік-экспедиторлық қызметтерді көрсететін тұлға арасында жасалған қызметтер көрсету туралы шарттың көшірмесі;

6) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астықты теміржол көлігімен тасымалдау жөніндегі мәліметтер тізілімі.

6. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі құжаттарды алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде:

1) Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің кеңсесінде құжаттарды тіркеуді;

2) құжаттарды толықтығы мәніне және осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкестігін тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады.

7. Ұсынылған құжаттардың толық еместігі және (немесе) құжаттардың осы Қағидаларға сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, бюджеттік бағдарламаның әкімшісі агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияға ұсынылған құжаттардағы анықталған сәйкессіздіктерді көрсете отырып, хабарлама жібереді.

Құжаттарды осы Қағидаларға сәйкестендіру мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

8. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компаниядан осы Қағидаларға сәйкес келетін құжаттар түскен күннен бастап үш

Облыс _____

Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуіші бойынша код _____

Астықты теміржол көлігімен тасымалдау жөніндегі мәліметтер тізілімі

P/c №	Нарық бағыты (импорт елі)	Тиіп-жөнел ту кезеңі (ай)	Жіберу нөмірі	Вагонның нөмірі	Жөнелту станциясы	Кіру станциясы	Шығу станциясы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.							
2.							
3.							

кестенің жалғасы

Межелі (шекаралық өткел) станция (порт)	Жөнелту күні (тасымалдау құжаттарындағы станция штемпелі)	Тасымалдау көлемі, тонна	1 тоннаға арналған субсидия мөлшері, теңге	Тиесілі субсидияның жалпы сомасы, теңге,
9	10	11	12	13

Лауазымды тұлға _____

(қолы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық почта мекенжайы _____

Орындаушы _____

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы/ электрондық цифрлық қолтаңбасы

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам _____

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы/ электрондық цифрлық қолтаңбасы

Ескертпе: әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Астықты теміржол көлігімен тасымалдау жөніндегі мәліметтер тізілімі" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Астықты теміржол көлігімен тасымалдау жөніндегі мәліметтер тізілімі" нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Астықты теміржол көлігімен тасымалдау жөніндегі мәліметтер тізілімі" нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі: 1-ТТ нысан, кезеңділігі: біржолғы)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Астықты теміржол көлігімен тасымалдау жөніндегі мәліметтер тізілімі" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.
2. Нысанға орындаушы және басшы не оның міндетін атқарушы адам қол қояды.
3. Нысан ұсынылады: Бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне
4. Астықты теміржол көлігімен тасымалдау жөніндегі мәліметтер тізілімі қалыптастыру қорытындысы бойынша бюджеттік субсидиялардың әкімшісіне жіберіледі.
5. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. Нысанның 2-бағанында Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2016 жылғы 18 қарашадағы № 290-од бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдер кодтары" ҚР ҰЖ ISO 3166-1-2016 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес нарық бағыты (импорт елі) көрсетіледі.
7. Нысанның 3-бағанында тиеп-жөнелту кезеңі (ай) көрсетіледі.
8. Нысанның 4-бағанында жіберу нөмірі көрсетіледі.
9. Нысанның 5-бағанында вагонның нөмірі көрсетіледі.
10. Нысанның 6-бағанында жөнелту станциясы көрсетіледі.
11. Нысанның 7-бағанында кіру станциясы көрсетіледі.
12. Нысанның 8-бағанында шығу станциясы көрсетіледі.
13. Нысанның 9-бағанында межелі (шекаралық өткел) станция (порт) көрсетіледі.
14. Нысанның 10-бағанында жөнелту күні (тасымалдау құжаттарындағы станция штемпелі) көрсетіледі.
15. Нысанның 11-бағанында тасымалдау көлемі, тонна көрсетіледі.
16. Нысанның 12-бағанында 1 тоннаға арналған субсидия мөлшері, теңге көрсетіледі.
17. Нысанның 13-бағанында тиесілі субсидияның жалпы сомасы, теңге көрсетіледі.

Агроөнеркәсіптік кешен
саласындағы ұлттық
компанияның астық
тасымалдауға байланысты
шығыстарын субсидиялау
қағидаларына 2-қосымша
Әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған нысан

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 31.03.2026 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұсынылады: Бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.fcc.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Астықты тасымалдауға байланысты алынған бюджеттік субсидияларды растау актісі 20__ жылғы " __ " _____ №__

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: № 2-АСРА нысаны

Кезеңділігі: біржолғы

Есепті кезең: 20__ жылғы _____

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компания

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: біржолғы

Жеке сәйкестендіру нөмірі/ Бизнес сәйкестендіру нөмірі																				
---	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі: электрондық түрде

1. Ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыратын аумақты көрсетіңіз

Облыс _____

Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуіші бойынша код _____

Астықты тасымалдауға байланысты алынған бюджеттік субсидияларды растау актісі

20__ жылғы " __ " _____ №__

Р/с№	Нарық бағыты (импорт елі)	Жіберу нөмірі	Вагонның нөмірі	Жөнелту станциясы	Кіру станциясы	Шығу станциясы
1	2	3	4	5	6	7
1.						
2.						
3.						
	Барлығы:					

кестенің жалғасы

Межелі (шекаралық өткел) станция (порт)	Жөнелту күні (тасымалдау құжаттарындағы станция штемпелі)	Тасымалдау көлемі, тонна	1 тоннаға арналған субсидия мөлшері, теңге	Есептелген субсидия, теңге,
8	9	10	11	12

Лауазымды тұлға _____

(қолы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық почта мекенжайы _____

Орындаушы _____

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы/ электрондық цифрлық қолтаңбасы

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам _____

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы/ электрондық цифрлық қолтаңбасы

Ескертпе: әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Астықты тасымалдауға байланысты алынған бюджеттік субсидияларды растау актісі" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған
"Астықты тасымалдауға
байланысты алынған бюджеттік
субсидияларды растау актісі
20__жылғы " __ " _____ № "
нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Астықты тасымалдауға байланысты алынған бюджеттік субсидияларды растау актісі 20__жылғы " __ " _____ № " нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі: 2-АСРА нысан, кезеңділігі: біржолғы)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Астықты тасымалдауға байланысты алынған бюджеттік субсидияларды растау актісі 20__жылғы " __ " _____ № " нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанға орындаушы және басшы не оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

3. Нысан ұсынылады: Бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне

4. Астықты тасымалдауға байланысты алынған бюджеттік субсидияларды растау актісі қорытындысы бойынша бюджеттік субсидиялардың әкімшісіне жіберіледі.

5. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. Нысанның 2-бағанында Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2016 жылғы 18 қарашадағы № 290-од бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге

арналған кодтар. 1-бөлім. Елдер кодтары" ҚР ҰЖ ISO 3166-1-2016 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес нарық бағыты (импорт елі) көрсетіледі.

7. Нысанның 3-бағанында жіберу нөмірі көрсетіледі.

8. Нысанның 4-бағанында вагонның нөмірі көрсетіледі.

9. Нысанның 5-бағанында жөнелту станциясы көрсетіледі.

10. Нысанның 6-бағанында кіру станциясы көрсетіледі.

11. Нысанның 7-бағанында шығу станциясы көрсетіледі.

12. Нысанның 8-бағанында межелі (шекаралық өткел) станция (порт) көрсетіледі.

13. Нысанның 9-бағанында жөнелту күні (тасымалдау құжаттарындағы станция штемпелі) көрсетіледі.

14. Нысанның 10-бағанында тасымалдау көлемі тоннамен көрсетіледі.

15. Нысанның 11-бағанында 1 тоннаға арналған субсидия мөлшері теңгемен көрсетіледі.

16. Нысанның 12-бағанында есептелген субсидия теңгемен көрсетіледі.